

«6D050600 – Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған ізденуші
Иляшова Гулия Кенжебековнаның
«Қазақстан Республикасының заманауи экономикасындағы халықтың өзін-
өзі жұмыспен қамтуы: қалыптасуы және даму тенденциялары» тақырыбында
жазылған докторлық диссертациясына берілген
отандық ғылыми жетекшінің

ШІКІРІ

Иляшова Гулия Кенжебековна әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық Университеті Экономика және құқық институтының «Экономика және менеджмент» мамандығы бойынша 1999 жылғы түлегі. 2003 жылы университеттің Экономика және бизнес факультетінің Экономикалық теория кафедрасының магистратурасын және 2005 жылы аспирантураны бітірген. Иляшова Г.К. 2016-2019 оқу жылдары Экономика және бизнес жоғары мектебінің «6D0506-Экономика» мамандығы бойынша PhD докторантураны аяқтады және өзіннің шығармашылық қабілеттерін шыңдап, аналитикалық ойлау дағдыларын тереңдетіп, ғылымға бейім, еңбекқор маман ретінде көрсетті.

Гулия Кенжебекқызының ғылыми-зерттеу және педагогикалық жұмыс тәжірибесі ҚазҰУ-де 19 жыл, жалпы еңбек өтілі – 29 жыл. Зерттеушілік жұмысымен қатар Иляшова Г.К. 2004 жылдан бері «Экономика» кафедрасының аға оқытушылық қызметінде өзін жауапкершілікті, белсенді, тыңғылықты, абыройлы, коммуникативті адам ретінде танытты. Ізденуші 2018 жылы Италияның Падуа университетінде ғылыми тағылымдамада ізденушілік тәжірибесі шындалып шетелдік ғылыми жетекшісінің жоғары бағасына ие болды.

Иляшова Г.К. өзінің диссертациялық тақырыбы бойынша 21 ғылыми мақаласы жарияланған, оның ішінде Scopus деректер базасына кіретін журналда - 2, ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК бекіткен журналда - 7, Халықаралық конференция материалдарында - 9, халықаралық конференция материалының жинағы Scopus деректер базасындағы Proceeding журналда – 2, «Креативная экономика: новые шансы для развития» ұжымдық монографиясында (2020) -1 мақалалары жарияланды.

Зерттеу барысында диссертация тақырыбының практикалық маңыздылығын ашуда Алматы қаласының жұмыспен қамту орталығының мамандарымен тығыз байланыс орнатылып өзін-өзі жұмыспен қамтыған халыққа сауалнама жүргізуді бақылауда және де нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың әлеуметтік мәртебесін анықтауда қала базарларында, сауда орындарында, үйді-үйді аралау жұмыстарында белсенді әріптестік тәжірибеге қатысушы болды. Осындай белсенді зерттеушілік жұмыс тәжірибесінің негізінде елдегі өзін-өзі жұмыспен қамтыған халыққа сауалнама жүргізу нәтижесін зерттеу жұмысында ұтымды қолдана білген.

Иляшова Г.К. диссертациялық жұмысы тақырыбының қазіргі таңдағы өзектілігі Қазақстан Республикасында халықтың жұмыспен қамтылуын және жұмыс істемейтін азаматтардың санын азайтудағы белсенді саясаттың бір бағыты ретінде өзін-өзі жұмыспен қамтуды дамытудың экономикалық және әлеуметтік маңыздылығынан көрінеді. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында еліміздің жаңа қырларының ашылуы, егемендігіміздің болашағы, елдің ертеңгі күнге сеніммен қарауы жайлы негіздеп айтқанына сәйкес еліміздегі өзін-өзі жұмыспен қамтыған халыққа да жаңа көзқараспен қарайтын кез келді.

Өзін-өзі жұмыспен қамту нарықтық қатынастарға тән, әрі жұмыспен қамтылудың бұл түрі экономикалық және әлеуметтік факторлар негізінде анықталады. Экономикадағы өзгерісті жағдайлар өз бетінше жұмыспен қамтуды тауар өндірісінің жаңа кезеңіне шығарды, жалдамалы жұмыскерлерді қолдану жағдайын өзгертті. Сонымен қатар, еңбек етудегі экономикалық қызмет бағыттарына өзгеріс ендіре отырып еңбек нарығында меншік институттарын құрды, жаңа ынталандырулар туғызды, елдегі кәсіпкерлік үшін жаңа жағдайлар қалыптастырды, сайып келгенде өз бетінше жұмыспен қамту – елдегі кәсіпкерліктің дамуы мен адами ресурстардың ұдайы өндірісіндегі жаңа бағыттың алғы шарттары болды.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты - халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы қалыптасуының теориялық-методологиялық негіздерін зерттеу, оның Қазақстан экономикасына әсерін бағалау және жаңа ортаны талдау арқылы оны басқарудың ғылыми-практикалық ұсыныстарын негіздеу болып табылады. Зерттеу барысында өзін-өзі жұмыспен қамту ұғымы шетелдік, ресейлік және отандық ғалымдардың еңбектері негізінде зерделеніп, фриланс, жеке кәсіпкер, өзін-өзі жұмыспен қамту ұғымдарының сипаттамасы және қолданылу ерекшелігі анықталынып, өзін-өзі жұмыспен қамтуды экономикалық категория ретінде қарастыруда авторлық түсініктеме берілген.

Докторлық диссертацияның жаңалығы ретінде бірнеше регрессиялық модельдер құру жолымен өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық санының ЖІӨ өсу қарқынына әсерін модельдеу негізінде өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың ұлттық экономика дамуына әсері бағаланды. Қазақстан Республикасындағы халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының даму сценарийі жасалды. Зерттеушінің өзін-өзі жұмыспен қамту мәселесін жан жақты терең зерттеу негізінде оларды елдегі шағын кәсіпкерліктің алғышарты деп тану ұсынысы құнды. Сонымен қатар өзін-өзі жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу жүйесін қалыптастырудың жаңа кезеңдерін анықтай отырып, Қазақстан Республикасында халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуын мемлекеттік реттеудегі ерекшеліктер бойынша ұсыныстар жасалып, елімізде өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты рәсімдеу жұмыстарының басымдықты бағыттары анықталған.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер «Алматы қаласы халықты жұмыспен қамту орталығы» және АҚ "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры тәжірибелеріне енгізілген.

Г.Иляшованың диссертациялық жұмысы жүйелі жазылуымен құнды әрі оның логикалық құрылымы, тақырып бойынша шетелдік, ресейлік және отандық әдебиеттерге толыққанды талдау жасауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасында өзін-өзі жұмыспен қамтудың даму тенденциясын тиянақты талдауы мен жұмыспен қамтыған халықты мемлекеттік реттеу ерекшелігі жөніндегі ұсыныстары ғылыми жұмыстың маңыздылығын айқындайды.

Г.К.Иляшовның диссертациялық зерттеуі, материалдың берілуі жұмыстың жазылу логикасына сәйкес келетін және мазмұны толық ашылған ішкі бірлігі бар ғылыми жұмыс. Нәтижелердің сенімділігі мен негізділігі зерттеудің тұжырымдамалық ережелерінің нақтылығымен, осы саладағы заманауи экономикалық зерттеулерді терең талдаумен, жұмыста модельдеу, сауалнама жүргізу әдістерін қолданумен және алынған деректерді мұқият талдаумен анықталады. Зерттеу әдіснамасының негізділігі және оның қойылған мәселеге сәйкестігі дәлелденді деп санаймын. Нәтижелер графикалық және кестелік түрде ұсынылған, бұл олардың қабылдауын айтарлықтай жеңілдетеді және олардың сенімділігіне күмән туғызбайды.

Г.Иляшова тақырып бойынша ізденіп үлкен жұмыс атқарды, оның ғылыми жетістіктерінің нәтижесі жарияланған мақалаларында көрініс табады. Ол өзінің зерттеу нәтижелерін ғылыми-практикалық конференцияларда және ғылыми-әдістемелік семинарларда апробациядан өткізген. Диссертациялық жұмыс ғылыми және практикалық құндылығы бар және PhD диссертацияларға қойылатын талаптарға сай келетін жеткілікті және аяқталған зерттеу жұмысы болды деп есептеймін. Докторанттың диссертациялық зерттеуінің өзектілігі, жаңалығы және негізділігі, теориялық және практикалық маңыздылығы «6D050600 – Экономика» мамандығы бойынша "философия докторы" (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Г.К.Иляшованың «Қазақстан Республикасының заманауи экономикасындағы халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы: қалыптасуы және даму тенденциялары» тақырыбындағы докторлық диссертациясын көпшілік алдында қорғауға ұсынылады, ал оның авторы Г.К.Иляшова «6D050600 – Экономика» мамандығы бойынша "философия докторы" (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Отандық ғылыми жетекші,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
«Экономика» кафедрасының
профессоры м.а., э.ғ.к.

Л.А.Бимендиева

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
дәріптеу және аттестаттау басқармасы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки
научных кадров КазНУ им. алы-
П.Е. Кудайбергенов

